

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігі
Семей Мемлекеттік Медицина Университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Қылмыстық құқық жеке құқық саласы
ретінде

Орындаған: Будукова А.Н.
Тексерген: Камбаров А.К.

Жоспар:

1. Қылмыстық құқық жеке құқық саласы ретінде
2. Қылмыс түсінігі және құрамы
3. Қылмыстық жауаптылық
4. Қылмыстық әрекеттерді болдырмайтын мән-жайлар
5. Қылмыс жасау сатылары
6. Қылмыстық жаза

Қылмыстық құқық дегеніміз -
адамды, оның құқықтары мен
бостандықтарын, қоғамды және
мемлекетті қылмыстық қол
сұғушылықтан қорғауға, жазамен
қорқытып, тыйым салынған іс-
әрекеттерді істеудің алдын алуға, тұлғаға
қылмыстық қиянат келтірілгенде оны
одан қорғауға бағытталған құқық
нормаларының жиынтығы.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ заң
шығарушы органдар қабылдаған
ҚЫЛМЫС пен жаза, ҚЫЛМЫСТЫҚ
жауаптылық негізі, жаза жүйелерін,
жазаны тағайындаудың тәртібі мен
шарттарын, сондай-ақ ҚЫЛМЫСТЫҚ
жауаптылықтан және жазадан
босатуды белгілейтін нормалардан
құралады.

Қазақстан Республикасының
қылмыстық кодексінің 9 бабына
сәйкес, **қылмыс** дегеніміз -
қылмыстық кодекс нормаларында
жазалау қатерімен тыйым салынған
айыпты, қоғамға қауіпті әрекет (іс-
әрекет немесе әрекетсіздік).

Қылмыстың басты белгілері:

1. ОНЫҢ ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫЛЫҒЫ
2. ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІЛІГІ
3. КІНӘЛІЛІГІ
4. ЖАЗАЛАНАТЫНДЫҒЫ

Қылмыстың санаттары:

Қылмыстың санаттары	Қасақана жасалған қылмыс	Абайсызда жасалған қылмыс
Онша ауыр емес қылмыс	Екі жылдан аспайтын мерзімге	Бес жылдан аспайтын мерзімге
Аурлығы орташа қылмыс	Бес жылдан аспайтын мерзімге	Бес жылдан астам мерзімге
Ауыр қылмыс	Он екі жылдан аспайтын мерзімге	
Аса ауыр қылмыс	Он екі жылдан астам мерзімге немесе өлім жазасына	

Қылмыс құрамының элементтері	Элементтердің қажетті белгілері	Элементтердің факультативті белгілері
1. Қылмыс объектісі	Қылмыстың заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастары	Қосымша объектіні құрайтын қоғамдық қатынастар; қылмыс заты
2. Қылмыстың объективті жағы	Қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік	Қоғамға қауіпті зардап; әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыс ; қылмыс жасау тәсілі; уақыты; орны; жағдайы; құралы мен қаруы;
3. Қылмыстың субъектісі	Адам болуы; есі дұрыс; белгілі жасқа толуы (он алтыға, кейбір қылмыстар үшін – он төрт жасқа)	Лауазымды адам; туыстық қатынасы бар адам; тек ер адам; тек әйел адам; тек ҚР азаматы.
4. Қылмыстың субъективті жағы	Кінә (абайсыздық немесе қасақаналық)	Мотив; мақсат; эмоционалдық жағдай (аффект).

Қасақана

```
graph TD; A[Қасақана] --> B[Тікелей]; A --> C[Жанама];
```

Тікелей

Жанама

Абайсыздықта

```
graph TD; A[Абайсыздықта] --> B[Немқұрайлық]; A --> C[Менмендік];
```

Немқұрайлық

Менмендік

Қылмыс заңы бойынша қылмыс деп белгіленген нақты іс-әрекетті істеген адамды мемлекет атынан оның тиісті органдары арқылы айпытауын **қылмыстық жауаптылық** деп **түсінеміз.** Қылмыстық жауаптылық қылмыстық әрекет немесе әрекетсіздік орын алған соң туындайды.

Қылмыстық жауаптылықтың негізі қылмыстық заңда көрсетілген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті істеу болып табылады. Адамның қылмыстық жауаптылығы оған сот тағайындаған жазаны өтеумен жүзеге асырылады, ол жазаны өтеп болған соң жойылады.

Қоғамдық қатынастарды
қылмыстық жолмен келтірілетін
зияннан қорғау мақсатында қауіп
төндіруші адамға материалдық,
моральдық және өзге де зиян
келтіру қылмыс болып
танылмайды.

Қажетті қорғану жағдайындағы мән-жайлар:

1. Адам өміріне;

2. Тұрғын үйін, меншігін, жер
учаскесін;

3. Қоғамдық немесе мемлекеттік
заңмен қорғалатын мүдделерге
қауып төндіру;

Қылмысты істеу сатылары деп қасақана істелетін қылмысқа дайындалу, оқталудан аяқталғанға дейінгі кезеңдерді айтамыз.

Қасақана қылмыс сатылары:

1. қылмысты істеуге дайындалу,
2. қылмыс істеуге оқталу
3. қылмысты аяқтау.

Тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл орайда қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, **қылмысқа дайындалу деп танылады.**

Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет немесе әрекетсіздік, егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, **қылмыс жасауға оқталу болып табылады.**

Жаза дегеніміз - сот үкімі бойынша мемлекет атынан тағайындалатын мәжбүрлеу шарасы. Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сонымен қатар, сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасалынуынан сақтандыру мақсатында қолданылады.

Қылмыстық жазаның өзіне тән белгілеріне мыналар жатады:

- қылмыстық жаза тек мемлекет тарапынан қолданылатын мәжбүрлеу шарасы;
- жаза тек қылмысты жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады;
- жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеумен байланысты болады;
- жаза тек сот үкімімен, мемлекет атынан тағайындалады;
- сот үкімі бойынша тағайындалған жаза кінәліге сотталғандық атағын белгілейді.

Жаза

```
graph TD; A[Жаза] --> B[Негізгі]; A --> C[Қосымша];
```

Негізгі

Қосымша

Негізгі жазалар:

- айыппұл салу;
- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- қоғамдық жұмыстарға тарту;
- түзеу жұмыстары;
- әскери қызмет бойынша шектеу;
- бас бостандығын шектеу;
- қамау;
- тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
- бас бостандығынан айыру;
- өлім жазасы.

Қосымша жазалар:

- арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәріжесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
- мүлкін тәркілеу.